

**«XXI ҒАСЫРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАРЫ:
РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АЯСЫНДАҒЫ ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ»
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ПОСТ РЕЛИЗИ**

Конференция халықаралық жоғары деңгейде өтті. Қатысуға Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени мұрасының өзекті мәселелері тұрғысынан тіл, әдебиет, журналистика, аударма, оқыту әдістемесі мәселелерін талқылау үшін оқу орындарының ұстаздары, ғалымдар мен зерттеушілер, білім беру саласына жауапты мемлекеттік органдардың өкілдері; кітапхана, мұрағаттар, мұражай қызметкерлері, бұқаралық ақпарат құралдары, тілшілері және қоғам қайраткерлері шақырылды. Конференцияның Тұжырымдамасы мен Шақырту қағазы. Баспасөз релизін даярланды.

Академик С.Қирабаев атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессор-оқытушылары құрамынан Конференция жұмысын ұйымдастырушы жұмыс тобы құрылды. Оның құрамында: ф.ғ.д., профессор Гүлбану Қосымова, п.ғ.д., профессор Жаңалық Балтабаева, ф.ғ.к., доцент Айман Қобланова, ф.ғ.к., профессор Майра Жүнісова, ф.ғ.к., доцент Саян Жиренов, ф.ғ.к., аға оқытушы Ерлан Қасенов, ф.ғ.к., аға оқытушы Жарқынай Қоқанова, магистр, аға оқытушы Гүлжан Текесбаевалар еңбек етті.

Конференцияға қатысушыларға: Конференцияның бағдарламасы, Конференция мақалаларының жинағы, Ғалым еңбектерінің биобиблиографиялық көрсеткіші, Ш.Л.Ерхожинаның «Ш.Сарыбаевтың әдістемелік мұрасын оқыту» оқу құралы, Қатысушы сертификаты мен пейджик, университеттің 90 жылдық мерейтойына арнайы шығарылған каламсап пен бланкот ұсынылды.

Конференцияның өту барысы:

Тіркеу жұмыстары сағат 9-00-де басталды.

«Қазақстан білім беру саласының бастауында» (кітаптар, қолжазбалар, сирек фотосуреттер) көрмесі ұйымдастырылды. Онда Ғалымның өмірі мен қызметі туралы жаңа материалдар қойылған тақталар мен Ұстаз тағлымын алған шікірттерінің еңбектеріне арнайы стелаждар қойылған. Конференция қонақтары мен қатысушылары көптеген мәліметтер алды.

Алқалы мәжілісте **Қоғам және мемлекет қайраткері Әуезов Мұрат Мұхтарұлы, Халықаралық Түркі Академиясының президенті, тарихы ғылымдарының докторы, профессор Қыдырәлі Дархан Қуандықұлы, Түркия Мемлекеті Стамбул университетінің профессоры Мехмет Өлмес, Орал қаласынан Мұражай директоры Мирболат Ерсәев, Орал пед.институтынан профессор А.С.Қыдыршаев, А.Ниязғалиевалар құттықтау сөз айтты.**

Мерейтой иесінің тікелей ұрпақтарынан: **Сарыбай Қайрат** Қоғам және мемлекет қайраткері, ҚР Австрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты өкілі, Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар

және әлем тілдері университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты **Майра Шорақызы Сарыбай және Сарыбаевтар** әулетінен бірнеше адам қатысты.

Конференцияның Алқалы мәжілісінде сөйлегендер:

Ұйымдастырушы кафедра профессоры, п.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Фаузия Оразбаеваның «Тұлғатану: педагог ғалым Ш.Х. Сарыбаевтың тілдік рухани мұрасы» атты баяндамасы, п.ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі Б.Смановтың «Шамғали Сарыбаев – көрнекті ағартушы, кемел әдебиетші» атты баяндамасы, т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі М.Қойгелдиевтің «Академик Шора Сарыбаевпен сұхбат» атты баяндамасы, Түркияның Фырат университеті PhD., проф. Ержан Алқайа «Sibirya tatar türkçesi ile kazak türkçesi arasındaki fonetik ortaklıklar» атты баяндамасы, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, ф.ғ.д., проф. К.Құрманәлиевтің «Тілге қызмет: әке аманатына адалдық» атты баяндамасы, Ш.Шаяхметов ат. «Тіл-Қазына» ұлттық ҒПО «Орфография» бөлім меңгерішісі, ф.ғ.д. Қ.Күдеринованың «Латын жазулы еңбектер: Ш.Х.Сарыбаевтың «Күнделік керектер (Ана тілі мұғалімдеріне)» атты еңбегінің тілдік ерекшеліктері» атты баяндамасы тыңдалды.

Университеттің 90 жылдық мерейтойы аясындағы осы іс-шараға қатысушылардың **бесеуіне арнайы медаль** тағылды, **15 адамға** сыйлық пакеттер ұсынылды.

Педагогика ғылымдарының кандидаты **Ш.Л.Ерхожинаның «Ш.Сарыбаевтың әдістемелік мұрасын оқыту» атты оқу құралының тұсауы** кесілді.

Түсте Шамғали Харесұлына Ас беріліп, түстен кейін конференцияның 3 секциясы жұмыс істеді: секцияда жалпы саны: **54 мақала тыңдалды**. Шешім шығарылды. Конференцияға қатысушылар төмендегідей Қарар қабылдады:

Пленарлық мәжіліс бойынша:

Ш.Х.Сарыбаевтың ғылыми мұраларын білім алушыларға (студенттерге, магистранттарға, докторанттарға) ғылыми-зерттеу тақырыптарын беру арқылы ғалымның ғылыми мұрасына мән беру.

«Қазақ ағартушылардың тарихи және мәдени мұраны сақтап қалудың өзекті мәселелері» атты 1-секция бойынша:

Ш.Х.Сарыбаевтың есімін республикалық «Жаңартылған 100 тұлға» бағдарламасына енгізуге ұсыныс жасау.

«Педагогикалық технологиялар: дәстүрлер мен инновациялар» деп аталған 2-секциясы бойынша:

Ш.Х.Сарыбаевтың ғылыми мұраларының кітапхана қорында сақталмаған еңбектерін баспадан қайта шығарту.

«Тілді мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру: теориялық және қолданбалы аспектілер» атты 3-секциясы бойынша:

Латын негізді қазақ жазуының орфографиялық сөздігін жасау барысында, Ш.Х.Сарыбаевтың ғылыми мұраларын назарда ұстау.